

**2024 жылға бекітілген тарифтік сметаның, инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы,
реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар
алдында қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша ЕСЕБІ**

1. Кәсіпорынға сипаттама

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы (әрі қарай - Компания) Қызылорда облысы бойынша электр энергиясын беру қызметі бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады.

Компания қызметінің негізгі мақсаты – Қызылорда облысының электр энергетикалық желілерінің тиімді және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Компаниядағы қызметкерлер саны – 1020 адам, оның ішінде: әкімшілік-басқару персоналы – 64 адам, өндірістік персонал – 956 адам.

Компанияның пайдалануындағы электр желілерінің жалпы ұзындығы **10 491 км**, қосалқы станциялардың саны – **2018 дана**, құрылғылардың жалпы тозу деңгейі **63,9%**.

Қазіргі таңда, құрылғылардың нақты қызмет еткен мерзімі **30-50 жылдардан астам**, алайда нормативті қызмет ету мерзімі 20-25 жылдан аспауы керек.

2. 2024 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы

Уәкілетті органмен 2024 жылға түзетілген инвестициялық бағдарлама **3 180 млн теңгеге** бекітіліп, оның ішінде **460 млн теңге кәсіпорын қаражат есебінен** келесі жұмыстар жоспарланды:

- **412 млн теңгеге** – «Қызылорда қаласының 10/0,4 кВ электр желілерін қайта жаңарту мен модернизациясы» жобасы аясында **33,36 км** электр желілеріне құрылыс-монтаждау жұмыстары (*нақты орындалуы 293 млн теңгеге 25,56 км немесе 76%*);
- **2 млн теңгеге** - «Авторлық қадағалау қызметі» (*нақты орындалуы 1,3 млн теңгеге немесе 70%*);
- **10 млн теңгеге** – «Техникалық қадағалау қызметі» (*нақты орындалуы 7,2 млн теңгеге немесе 70%*);
- **28 млн теңгеге** – «Телемеханика жүйесі модернизациясы мен SCADA-ға қосу» жобасы аясында 35/10кВ «Орталық» қосалқы станциясына **1 жиынтық** телемеханика жүйесін SCADA-ға қосу жұмыстары орындалды;

➤ **8 млн теңгеге** – «Электр энергиясын есепке алу аспаптарының модернизациясы мен АСКУЭ-ге қосу» жобасы аясында **132** құрылғыларды АСКУЭ-ге қосу жұмыстары толығымен іске асырылды.

Есепті кезеңде инвестициялық бағдарламаның орындалуы **337 млн теңгені** құрады.

Бюджет қаражаты есебінен **2 720 млн теңгеге** келесі жұмыстар жоспарланып, толығымен орындалды:

➤ **59 млн теңгеге** – Сырдария өзенінен өтетін 35 кВ Л-33,34 **0,5 км** «ТЭЦ-Шұғыла» әуе желісін қайта құру мен қайта жаңғырту;

➤ **120 млн теңгеге** – **12,65 км** 10/0,4 кВ кабель желісін қайта құру;

➤ **59 млн теңгеге** – **10,53 км** 10/0,4 кВ әуе желісін жаңғырту;

➤ **453 млн теңгеге** - **22 бірлік** қосалқы станцияларды 10/,04 кВ блоктық үлгідегі қосалқы станцияларға ауыстыру;

➤ **670 млн теңгеге** - **56 дана** қосалқы станциялар, жарық қалқандары мен трансформатор жабдықтарын ауыстыру (**599 млн теңгеге 55 қосалқы станциялар, жарық қалқандары мен трансформатор жабдықтары** жаңғыртылды; **71 млн теңгеге №28 орталық тарату пунктінің электр қондырғыларын жаңғырту жұмыстары** 2025 жылға ауыстырылды);

➤ **48 млн теңгеге** – **24 дана** 10/0,4 кВ қосалқы станциялар ғимараттарына жөндеу жұмыстарын жүргізу (орындалды);

➤ **1 021 млн теңгеге** – «Сырдария ауданы Шаған ауылдық округінің тұрғын үй массивтерін электрмен қамтамасыз ету» жобасы бойынша **62,742 км** электр желісін қайта жаңартылды;

➤ **290 млн теңгеге** – «Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кенті көшелеріндегі электр желілерін қайта жаңғырту» жобасы бойынша **16,98 км** электр желісін қайта жаңартылды.

Есепті кезеңде инвестициялық бағдарламаның орындалуы **2 649 млн теңгені** құрады.

Бұл ретте, жылу беру маусымында электр жүйесінен ажырату жұмыстарына рұқсат берілмеуіне байланысты **меншікті қаражат** есебінен жасалған келісім-шартқа сәйкес мердігермен құрылыс-монтаждау жұмыстарының уақытылы аяқтамауынан, сонымен қатар, **бюджет қаражат** есебінен жасалған келісім-шартқа сәйкес жеткізушінің өз міндетін тиісінше орындамауынан **194,2 млн теңгені құрайтын** іс-шаралар 2025 жылғы инвестициялық бағдарламасына ауыстырылды:

➤ **119 млн теңгеге 6,5 км** 10/0,4 кВ әуе желілеріне қайта құру және жаңғырту;

➤ **0,6 млн теңге** кәсіпорын қаражатына «Авторлық қадағалау»;

➤ **3 млн теңге** «Техникалық қадағалау»;

➤ **71 млн теңге** бюджет қаражатына №28 орталық тарату пунктінің электр қондырғыларын ауыстыру жұмыстары.

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
1-Нысан

Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ –ның
2024 жыл бойынша жылдық қорытындысы
электр энергиясын беру қызметі
(реттеліп көрсетілетін қызмет)

№ п/п	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат					Пайда мен шығындар	Инвестициялық бағдарламаның (сомасы)				
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Заттай көрсеткіштердегі саны		Инвестициялық бағдарлама шеңберінде қызмет ұсыну кезеңі	туралы есеп*	Жоспары	Нақты	Ауытқу	ауытқу себептері
				Жоспар	Нақты						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	Электр энергиясын беру	Қызылорда қ. ҚЭТБ-ы ОАЭТ-ы ӘЖ-10/0,4 кВ электр тораптарын қайта жаңарту мен модернизациясы	шақырым	33,36	26,56			411 634	292 187	119 447	мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жасалған келісім-шартқа сәйкес мердігердің уақытылы аяқтамаған 30% құрылыс-монтаждау жұмыс көлемі 2025 жылға ауыстырылды

2024 жылға арналған «ҚЭТТК» АҚ қызметі туралы есебі

2	Қызмет көрсетілетін аумақ- Қызылорда облысы, аумағы 75 612 км ²	телемеханика жүйесі модернизациясы мен SCADA-ға қосу	жиынтық	1	1		28 170	28 170	0	
3		авторлық қадағалау қызметі	қызмет	1	1		1 932	1352	580	мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жасалған келісім-шартқа сәйкес мердігердің уақытылы аяқтамаған 30% құрылыс-монтаждау жұмыс көлемі 2025 жылға ауыстырылды
4		Техникалық қадағалау қызметі	қызмет	1	1		10 282	7 197	3 085	мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жасалған келісім-шартқа сәйкес мердігердің уақытылы аяқтамаған 30% құрылыс-монтаждау жұмыс көлемі 2025 жылға ауыстырылды
5		Электр энергиясы есепке алу аспаптарының модернизациясы мен АСКУЭ-ге қосу	дана	131	131		8 045	8 045	0	
6		Қызылорда қаласындағы 35 кВ әуе желілері электр тораптарын қайта құру мен қайта жаңарту	шақырым	0,5	0,5		59 082	59 082	0	
7		Қызылорда қаласындағы 10кВ әуе желілері электр тораптарын қайта құру мен қайта жаңарту	шақырым	3,1	3,1		29 174	29 174	0	

2024 жылға арналған «ҚЭТТК» АҚ қызметі туралы есебі

8		Қызылорда қаласындағы 0,4кВ әуе желілері электр тораптарын қайта құру мен қайта жаңарту	шақырым	7,43	7,43		29 699	29 699	0	
9		10 кВ кабель желісін қайта құру	шақырым	4,937	4,937		83 830	83 830	0	
10		0,4кВ кабель желісін қайта құру	шақырым	7,71	7,71		35 506	35 506	0	
11		ТП, КТП - ны КТПБ-10/0,4 кВ блоктық үлгіде ауыстыру	бірлік	22	22		453 272	453 272	0	
12		КСО, ЩО, трансформатор жабдықтарын ауыстыру	дана	55	55		670 353	599 291	71 063	мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жасалған келісім-шартқа сәйкес мердігердің уақытылы аяқтамаған 30% құрылыс-монтаждау жұмыс көлемі 2025 жылға ауыстырылды
13		ЦРП/ТП-10/0,4 кВ ғимараттарын жөндеу	дана	24	24		48 046	48 46	0	
14		«Сырдария ауданы Шаған ауылдық округінің тұрғын үй массивтерін электрмен қамтамасыз ету»	шақырым	62,742	62,742		1 021 082	1 021 082	0	

2024 жылға арналған «ҚЭТТК» АҚ қызметі туралы есебі

15		«Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кент көшелеріндегі электр желілерін қайта жаңарту»	шақырым	16,98	16,98		289 694	289 694	0	
----	--	--	---------	-------	-------	--	---------	---------	---	--

Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге				Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат**								Қол жеткізілген нақты көрсеткіштер	Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруды бағалау
меншікті қаражат		Қарыз қаражаты	Бюджеттік қаражат	Өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша	Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) төмендеуі, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша)		Ысыраптарды төмендету, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша апаттылықты төмендету		дің бекітілген инвестициялық бағдарламада көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру		
Амортизация	пайда				өткен	ағымдағы	өткен	ағымдағы	жоспар	факт		өткен	ағымдағы
					жылдың фактісі	жылдың фактісі	жылдың фактісі	жылдың фактісі				жылдың фактісі	жылдың фактісі
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26
460 062			2 719 738	0	0	66	63,9	14,55	14,5	264	230	конкурстық рәсімнің нәтижелері бойынша	Электр энергиясын беру жөніндегі реттелетін көрсетілетін қызметтер көлемдері тарифтік сметада 1 123 млн кВт*сағат болып бекітілген, есепті жылға нақты көлемі 1 173 млн кВт*сағатты құрап, бекітілген мөлшерден 50 млн кВт*сағатқа немесе 4%-ға ұлғайды. Электр энергиясының транзиті 2023 жылмен салыстырғанда (2023 ж. электроэнергиясы транзитінің нақты көлемі 1 090 млн кВт*сағ құрады)

													83 млн.кВт*сағ немесе 7,6% өсіп отыр. Электр энергиясы транзитінің ұлғаюы қосымша энергия объектілерін және жаңадан қосылған электр энергиясы тұтынушыларын енгізу есебінен. Электр желілері мен қосалқы станциялардың тозуы 63,9% құрайды. Олардың нормативтік пайдалану мерзімі 20-25 жыл, алайда, нақты пайдалану мерзімі 35-40 жылды құрап отыр
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	---

Инвестициялық бағдарламаны іске асыру нәтижесінде қондырғылардың орташа тозу деңгейі 66%-дан 63,9%-ға дейін немесе 2,1%-ға, ал нормативтік-техникалық ысыраптар 0,5% төмендеді.

3. 2024 жылға бекітілген тарифтік сметасының баптары бойынша орындалуы

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
2-Нысан

Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ –ның
2024 жылы бойынша жылдық қорытындысы
электр энергиясын беру қызметі
(реттеліп көрсетілетін қызмет)

р/с	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметадағы көрсеткіштер	Нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқулар, %	Ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6	7

2024 жылға арналған «ҚЭТТК» АҚ қызметі туралы есебі

I.	Тауар шығару мен қызметтер көрсетілуіне шығындары, оның ішінде:	млн.тенге	4 550	5 075	12	
1.	Материалдық шығындар	млн.тенге	301	304	1	Материалдарға бағалардың өсуі, апаттық жағдайларды болдырмау, сапалы электр энергия мен электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында қосымша апаттық-қалпына келтіру жұмыстары мен электр желілеріне қызмет көрсету жұмыстарының артық көлемде орындалуы
2.	Еңбекке ақы төлеуге арналған шығындар	млн.тенге	2 971	2 847	(4)	
3.	Амортизация	млн.тенге	1 010	1 655	64	«Энергетика және ТҮКШ» КММ теңгерімінен компанияның теңгеріміне электр нысандарының қабылдануына байланысты амортизацияның нақты есебі 1 655 млн теңгені құрап, жыл қорытындысы бойынша 645 млн теңге жоспардан артық шығынды құрады
4.	Жөндеу, барлығы: оның ішінде:	млн.тенге	268	269	0	Жөндеу жұмыстары толығымен орындалды
4.1	ағымдағы жөндеу	млн.тенге	51	51	0	
4.2	күрделі жөндеу	млн.тенге	217	218	0	
II.	Кезең шығыстары, барлығы	млн.тенге	331	756	128	
5.	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде	млн.тенге	281	345	22	
5.1.	Материалдық емес активтер амортизациясы	млн.тенге	1,1	4,9	355	6,7 млн.теңгеге негізгі құралдарды сатып алу
5.2.	Салықтар	млн.тенге	122	181	48	«Энергетика және ТҮКШ» КММ теңгерімінен компанияның теңгеріміне электр нысандарының қабылдануына байланысты мүлік салығының ұлғаюы, жаңа автокөліктерді сатып алынуына байланысты
5.3	Өндірістік сипаттағы бөгде ұйымдардың қызметтері мен өзге шығындар, барлығы	млн.тенге	158	159	0	
6.	ЕҚҚЖДБ сыйақы төленуіне шығындары	млн.тенге	50	411	722	инфляцияның жоғарылауына байланысты

III	Ысырап шығындарын өтеуге байланысты шығындар	млн.тенге	3 432	3 771	10	Бірыңғай сатып алушының электр энергиясының бағасының жоғарылауынан
IV	Барлық шығыстар	млн.тенге	8 313	9 602	15	
V	Пайда	млн.тенге	-	(1 639)	-	
VI	Барлық табыс	млн.тенге	8 313	7 963	(2)	
VII	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	млн. кВт*сағ	1 123	1 173	4,5	қосымша энергия объектілерін және жаңадан қосылған электр энергиясы тұтынушылар санын енгізу есебінен
VIII	Нормативтік техникалық ысыраптар	%	14,50	14,50	-	транзит көлемінің ұлғайту есебінен
		млн. кВт*сағ	162	164	1	
IX	Электр энергиясы берілуі қызметтеріне тарифі (ҚҚС-сыз)	тенге/кВт*сағ	7,404	6,786	(8)	
	PCOD сомасын алып тастауды ескере отырып	млн.тенге	223	223	-	
X	Тұтынушыларға келтірілген залалды шегергендегі барлық кірістер	млн.тенге	8 090	7 963	(2)	
XI	Тұтынушыларға келтірілген залалды шегергендегі электр энергиясын беру қызметіне арналған тариф (ҚҚС-сыз)	тенге/кВт*сағ	7,206	6,786	(6)	2024 жылғы 1 қаңтардан 5,86 теңге тарифі, 15 сәуірден 1 қазанға дейін 7,206 теңге, 1 қарашадан 31 желтоқсанға дейін 7,08 теңге уақытша өтемдік тарифтің енгізілуіне байланысты

4. Реттелетін көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат

Электр энергиясы ажыратулары тек ауа райының қолайсыз жағдайлары кезінде орын алды. Тұтынушыларды электр энергиясымен үзіліссіз қамтамасыз ету мен транзитті ұлғайту бойынша энергожүйенің техникалық мүмкіндіктері, жұмыс сенімділігі сақталды. 2024 жылы 2-дәрежелі істен шығулар **230** рет тіркелді.

Қызметтер сапасы мен сенімділік көрсеткіштері барлық нормативтік-техникалық талаптарына сай сақталған.

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
3-Нысан

Реттелетін көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат
2024 жылы бойынша жылдық қорытындысы

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ
электр энергиясын беру қызметі
(реттеліп көрсетілетін қызмет)

Рет. №	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіші	Есепті кезеңнің алдындағы 2023ж. дерегі	2024 ж. жоспары (нормасы)	Ағымдағы 2024 ж. фактісі	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақталуын бағалау	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақтамау себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Жүйе жұмысындағы үзілістер жиілігінің орташа индексі (SAIFI)	1,5940	3,7	0,9847	норма	жоқ
2	Жүйе жұмысындағы үзіліс ұзақтығының орташа индексі (SAIDI)	2,0551	3,7	1,2359	норма	жоқ

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
4-Нысан

5. 2024 жылдың нәтижесі бойынша электр энергиясын беру қызметінің
тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат

6.

Рет. №	Тиімділік көрсеткіші	Есепті кезең алдындағы 2023 ж. дерегі	2024 ж. жоспар	2024 ж. нақты	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау, %	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Электр энергиясын беру, млн. кВт*сағат	1 090	1 123	1 173	4	жоқ
	Электр энергиясын беру, млн. теңге	5 844	8 090	7 963	(2)	алынатын табыстан РСОД сомасының алынып тасталуы және жаңа тарифтің енгізілу уақытына байланысты
2	Электр энергиясы ысыраптары, млн. кВт*сағат	169	162	164	1	жоқ
	Электр энергиясы ысыраптары, млн теңге	2 581	3 432	3 771	10	жоқ

2024 жылға негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері

Оперативтік мәліметтер бойынша:
Жалпы **табыс 9 484 млн теңгені құрады** (негізгі қызметтен 7 963 млн тг, өзге де қызметтерден 1 521 млн тг).
Жалпы **шығыстарға 10 702 млн теңге жұмсалды** (негізгі қызметке 9 775 млн тг, өзге де қызметтерге 927 млн тг).
Жылдық шығын **1 218 млн теңгені құрады** (негізгі қызметтен 1 812 млн тг шығын болса, өзге де қызметтерден түскен пайда 594 млн тг құрап отыр).

Негізгі қызмет бойынша шығынның қалыптасуына мыналар әсер етті:

- **«Материалдық шығындар» бойынша** өндірістік қажеттілікке қажетті материалдар бағасының өсуі, сонымен қатар, апаттық - қалпына келтіру жұмыстары есебінен **3 млн теңгеге** артық шығын қалыптасты;
- тарифтік сметада бекітілген **«амортизациямен»** салыстырғанда нақты амортизацияның **645 млн теңгеге** ұлғаюы. Бекітілген тарифтік сметада нақты амортизация шығыны толығымен ескерілмеді;
- **«Салықтар» бойыншы шығыстар** Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы теңгерімінен компанияның теңгеріміне электр энергетика нысандардың қабылдауына байланысты мүлік салығының ұлғаюына және жаңа автокөліктерді сатып алынуына байланысты **59 млн теңге** артық шығын қалыптасты;
- **«Еуропалық қайта құру және даму банкінің сыйақы төленуіне шығындары»** инфляцияның **12%-дан 26,98%-ға** дейін жоғарылауына байланысты **361 млн теңгеге** артты;
- Бірыңғай сатып алушыдан сатып алынатын электр энергиясы бағасының **15,19 теңгеден 26,79 теңгеге дейін** немесе **76%-ға** өсуіне, электр энергиясы транзиті көлемінің артуына байланысты нормативтік ысыраптарды сатып алу шығыстары **339 млн теңгеге** ұлғайды;
- **«Өндірістік сипаттағы бөгде ұйымдардың қызметтері мен өзге шығындары»** 6 млн теңгеге артты.
- тарифтік сметада ескерілмейтін шығындар (*айыппұлдар, өсімпұлдар, бюджетке төленетін мемлекеттік баждар, сот шығындары және т.б.*) **173 млн теңгені** құрады.
- өтемдік тарифтің енгізілуіне байланысты **алынбаған табыс 350 млн теңге**.

7. Электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдері

Тарифтік сметада транзит көлемі **1 123 млн.кВт*сағат** көлемінде бекітілген, есепті жылы нақты көлемі **1 173 млн.кВт*сағатты** құрап, бекітілген мөлшерден **50 млн кВт*сағатқа** немесе **4,5%-ға** ұлғайды. Электр энергиясының транзиті 2023 жылмен салыстырғанда *1 090 млн.кВт*сағ*) **83 млн.кВт*сағатқа** немесе **7,6%** өсіп отыр.

Осыған сәйкес нормативтік ысыраптар бекітілгеннен **2 млн кВт*сағатқа** немесе **1%** артты.

8. Реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушыларына жасалып жатқан жұмыстар туралы

«ҚЭТТК» АҚ-ның тұтынушыларымен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты: тұтынушыларға электр энергиясын беру бойынша қызметтерді сапалы және үзіліссіз қамтамасыз ету болып табылады.

Компанияның жарғылық капиталын ұлғайту аясында **«Қызылорда қаласында электр желілерін дамыту, қайта құру және жаңғырту»** жобасын іске асыруға облыстық бюджеттен бөлінген **1 634 млн теңгеге** төмендегі жұмыстар іске асырылды:

- **0,5 км** Сырдария өзені арқылы өтетін 35 кВ Л-33,34 «ТЭЦ-Шұғыла» әуе желісіне қайта құру мен қайта жаңғырту;
- **10,53 км** Қызылорда қаласындағы 10/0,4кВ әуе желілеріне қайта құру мен қайта жаңғырту;
- **12,65 км** 10/0,4кВ кабель желілерін қайта құру;
- **22 бірлік** тозығы жеткен 10/0,4кВ қосалқы станцияларды блоктық үлгідегі қосалқы станцияларға ауыстыру;
- **55 дана** қосалқы станциялар, жарық қалқандары мен трансформатор жабдықтарын ауыстыру;
- **24 дана** 10/0,4кВ орталық тарату пункті мен қосалқы станциялары ғимараттарына жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Жарғылық капиталын ұлғайту аясында облыстық бюджеттен бөлінген **46 млн теңгеге** Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң елді мекенінде **11,7 км** 0,4 кВ электр желілеріне қайта құру және жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

9. 2025 жылға кәсіпорын қызметінің перспективалары

*(оның ішінде электр энергиясын беру қызметінің
тарифі өзгерген жағдайда)*

2025 жылдың тарифтік сметасында 287 млн теңгеге 43,81 км электр желілері мен **57 дана** қосалқы станцияларға күрделі және 50 млн теңгеге **15,67 км** электр желілері мен **40 дана** қосалқы станцияларға ағымдағы жөндеу жұмыстары қаралған.

Қазіргі таңда, мемлекеттік сатып алу портал арқылы материалдар мен құрылғыларды сатып алу келісім шарттары жасалып, құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Компанияның жарғылық капиталын ұлғайту аясында облыстық бюджеттен бөлінген **218 млн теңгеге** 35 кВ Л-33,34 әуе желісінің **16 км** АС-95 сымын АС-120-ға ауыстыру арқылы әуе желісінің тоқ өткізу қабілетін 300А-ден 390А-ге дейін көтеру жоспарлануда. Қазіргі таңда, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жеңімпаз анықталды.

Сонымен қатар, **317 млн теңге** бюджет қаражаты есебінен компанияның электр энергиясын есептегіш құрылғыларына жаңа биллинг бағдарламасын орнату үшін 1 жиынтық Сервер қондырғысын, электр энергиясын есепке алу, төлемдерді тарифтеу және өндеу бағдарламасын және өндірістік қажеттілікке байланысты 13 автокөлікті сатып алу жоспарлануда. Қазіргі таңда, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жеңімпаз анықталды.

Сондай-ақ, **187 млн теңгеге** электр энергиясы шығынын төмендету және кернеу бөлігінде электр энергиясының тиісті сапасын қамтамасыз ету үшін күштік трансформатордың қуатын 2500 кВа-ға дейін ұлғайту жолымен 35/10кВ «Таң» қосалқы станциясын жаңғырту жұмыстары жоспарлануда.

ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңы және «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына *«өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жұмыскердің бір жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан орташа айлық жалақысының өзгеруімен» және стратегиялық тауарлар құнының өсуіне* байланысты ағымдағы жылдың 19 наурызында Уәкілетті органға тарифті мерзімінен бұрын өзгертуге өтінім берілді.